

ДӘЙКӨЗ

Қайрат СӘУІРБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ КЕҢЕСШІСІ:

**ЦИФРЛЫҚ
ТРАНСФОРМА-
ЦИЯНЫҢ
МАҚСАТЫ – БИЗНЕС-
ПРОЦЕСТЕРІ МЕН
ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН
АРТТЫРУ. СЕБЕБІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
МАҢЫЗДЫ ОПЕРА-
ЦИЯЛАРЫ АВТО-
МАТТАНДЫРЫЛУ-
ДА, АҚПАРАТПЕН
ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ
ҚҰЖАТТАРЫМЕН
ЖҰМЫС ІСТЕУ
ШАПШАҢ ӘРІ ОҢАЙ
БОЛА БАСТАДЫ**

АҚПАРАТ

ЖИЛІГІ ҚЫСҚАРАДЫ

Қазақстанда коронавирус індетінің таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия шешіміне және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің хатына сәйкес бірқатар облыстарға қатынастын жолаушы пойыздарының жиілігі қысқарады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметінің хабарлауынша, 9 қарашадан бастап №705/706 «Алматы-Петропавл» жолаушылар пойызы қунара қатынастын болса, №31/32 «Павлодар-Алматы» жолаушылар пойызы белгіленген күндер бойынша жүретін болады. Ал бірқатар облыстарда барлық станцияларға билет сатуға және жолаушы отырғызуға/түсіруге уақытша тыйым салынады: Ақмола облысында Атбасар, Ерейментау, Аршалы станцияларынан, 1, 2 және 3-класты вокзалдар орналасқан Бурабай, Есіл, Макинка, Ақкөл, Жалтыр және Көкшетау курорттың қоспағанда; Павлодар облысында Павлодар, Екібастұз, Ақсу-2 және Бозшалақ станцияларын қоспағанда; Қостанай облысында Қостанай, Тобыл, Құсмұрын, Есіл, Арқалық және Железородная станцияларын қоспағанда; Солтүстік Қазақстан облысында барлық станциялар арқылы жолаушыларды отырғызуға/түсіруге транзиттік жолаушы пойыздарының қозғалысына тыйым салынады.

Сонымен қатар, №68/67 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол - Өскемен-1» жолаушы пойызының аптасына бір рет жол жүру мерзімілігі және №351/352 «Алматы-2 - Өскемен-1» жолаушылар пойызының ағымдағы жылдың соңына дейін уақытша қунара қатынасу уақыты қысқартылды. Петропавл станциясынан шығатын жолаушыларда 3 тәулікке жарамды COVID-19 ПТР тест анықтамасы міндетті түрде болуы қажет, сондай-ақ вокзалға күтіп алушы мен шығарып салушыға кіруге тыйым салынады. Тоқтатылған пойыз бен тыйым салынған станцияларға билет алғандарға ПТР анықтамасы болмағанда билетін қайтарып береді. Билетті қайтару қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүргізіледі. Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша барлық ақпаратты «105» нөмірі арқылы білуге болады.

Ұлан ОРАЗ

БҮЛІНГ САН

**ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ
АРҚЫЛЫ ӨТКЕН 9 АЙДАҒЫ
КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ
КӨЛЕМІ**

36%

АРТТЫ

ИТОГИ



НАРАЩИВАЮЩАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Свыше 210 миллионов тонн груза перевезено по инфраструктуре АО «НК «ҚТЖ» за 10 месяцев.

Асель ШАЙХЫНОВА

Так, общая погрузка на сети АО «НК «ҚТЖ» в октябре 2020 года составила 23,6 миллиона тонн. За отчетный период погружено 9,7 миллиона тонн каменного угля, что на 2% выше аналогичного показателя прошлого года. В том числе в республиканском сообщении – 7 миллионов тонн, рост составил 4%. На экспорт

отправлено 2,7 миллиона тонн твердого топлива. Погрузка зерна нового урожая составила 968 тысяч тонн. В том числе на экспорт – 736 тысяч. Отправка черных металлов увеличилась на 19% (до 397 тыс. тонн), железной и марганцевой руды – на 7% (до 2,5 млн тонн), цветной руды – на 9% (до 1,9 млн тонн). В октябре, по сравнению с ана-

логичным месяцем прошлого года, грузооборот вырос на 1,7% и составил 20,9 миллиарда тарифных тонно-километров. По итогам января-октября погрузка осталась на уровне прошлого года и составила 210 миллионов тонн груза. Каменного угля погружено свыше 82,8 миллиона тонн, в том числе внутри республики – 58,6 миллиона, что на 4% выше уровня

прошлого года. Зерна перевезено 7 миллионов тонн, из них на экспорт – 5 миллионов. За 10 месяцев улучшилась погрузка железной и марганцевой руды на 3% (до 22,7 млн тонн), цветной руды – на 14% (до 19,4 млн тонн), химических удобрений – на 7% (до 3,3 млн тонн), черных металлов – на 10% (до 4,1 млн тонн). Тарифный грузооборот за 10 месяцев 2020 года составил 190 миллиардов тонно-километров нетто. Этот показатель вырос на 3,5% к уровню прошлого года.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТЕХСАБАҚ

ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ, ШАЛТ ҚИМЫЛ ҚАЖЕТ БОЛҒАНДА...

Теміржол көлігі – қауіп-қатері мол сала. Қозғалыс нөпірі күндіз-түні бір тынбай жүріп жатқан жерде абайлап жүріп, анық баспасы, оқыс оқиға аяқ астында. Сонымен қатар, күтпеген жерден туындайтын қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін түрлі жағдайлар, стандартты емес жайттар аз емес. Мұндайда теміржолшының аспай-саспай, салқынқандылықпен сауатты қимылдауына көп нәрсе тәуелді.



**Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау**

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде осындай шұғыл әрекет, шалт қимыл қажет болғанда дұрыс әрекет ете білуге арналған өте маңызды іс-шара бастау алды. Басты мақсаты қауіпсіздікті көздейтін бұл шара жұмыс барысында туындайтын шұғыл әрекетті қажет ететін жағдайлардан оңай әрі дұрыс шыға білуге жол сілтер бағдаршам іспеттес.

Аталған маңызды іс-шара техникалық сабақ түрінде Өзен мен Болашақ станцияларынан басталды. – Жұмыс барысында түрлі жағдай туындайды, сондайда тиісті нұсқалық пен регламентке сай әрбір жұмысшының рет-ретімен атқаратын іс-қимылдары болады. Мысалы, кіріс-шығыс бағдаршамдары ашылмай қалса, қалай жұмыс істеу керек, жолдың жалған бос болмауы немесе босауы жағдайында ше? Перегондардың жалған көрсетуі, пойыздарды сұрыптау кезінде де сондай қате белгі болса және соған

ұқсас түрлі техникалық ақаулар орын алуы мүмкін. Міне, осыған байланысты теміржолшылар өздерінің реттік жұмыстарын атқару міндеттерін дұрыс білуі, жетілдіруі үшін осы техникалық сабақтарды ұйымдастырудамыз. Алдағы уақытта Бейнеу, Шетпе сынды және бөлімшенің үлкен станцияларына барып өткізуді де жоспарлап отырмыз. Оған қозғалыс қауіпсіздігіне қатысы бар станциядағы барлық теміржолшылар қатысады. Қазір коронавируспен байланысты бәрінң басын қосу мүмкіндігі жоқ. Бірақ станция және деңсез кезекшілері міндетті түрде қатысуы шарт. Егер мүмкіндік болып жатса, пойыз құрастырушылар да қамтымақпыз, – деген Өзен және Болашақ станцияларындағы техникалық сабақты жүргізген Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімі бастығы Аманжол Құсайынұлының айтуынша, мұндай басқосулар пандемия жағдайын ескеріп, тиісті талаптарды сақтай отырып бір ай көлемінде жалғасуда.

Осы іс-шараға байланысты бөлімше бойынша 28 қазаннан 28 қарашаға дейін айлық жа-

рыланып отыр. Айлықтың кестесі жасалып, желі бойындағы жұмысшы-қызметкерлермен кездесулер тізімі бекітілген. Айлық жұмысшылардың, соның ішінде қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей жауапты мамандардың осы тұрғыдағы іс-қимылдарын жетілдіру, тиісті нұсқамалардың орындалуын пысықтау мақсатында қолға алынған. Бірінші және екінші класты станцияларындағы техникалық сабақтарды қауіпсіздік қызметі бөлімінің басшысы өткізсе, қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары мен техникалық бөлімнің мамандары қалған станциядағы атаған топқа сабақ жүргізеді.

Суретті түсірген автор

СОВЕЩАНИЕ

СВЯЗАНЫ ОДНОЙ ЦЕЛЬЮ

На площадке Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» состоялось первое заседание рабочей группы по разработке программы контейнеризации. Вопросов накопилось немало, поэтому встреча стала эффективным инструментом для обмена мнениями.

Любовь РОББА

В мероприятии приняли участие представители транспортных компаний, НПП «Атамекен», Казахстанской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов, АО «НК «Актауский морской порт», Казахстанского центра индустрии и экспорта QazIndustry и другие. Основными темами обсуждения стали план мероприятий по реализации программы контейнеризации в Казахстане, принятие документа, регулирующего мультимодальные перевозки, а также контейнерные перевозки автомобильным транспортом. Напомним, разработка программы контей-

неризации ведется в рамках подкомитета по транспортной логистике Комитета логистики и перевозок президенту НПП «Атамекен». – При реализации программы необходимо исходить из потребностей клиентов по приоритетным направлениям, которые имеются, и тем, что могут возникнуть. Создать реестр основных перевозчиков, которые могут обеспечить точки роста, синхронизировать международные маршруты, подключить казахстанские грузы к транзитному потоку, – отметил председатель подкомитета по транспортной логистике НПП «Атамекен» Ерхат Искалиев. Участники заседания высказались за необходимость вынесения на рассмотрение

Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК вопроса по субсидированию, возмещению затрат экспортно-импортных грузов при контейнерных перевозках. В программе контейнеризации нужно определить несколько глобальных направлений – вопросы тарифной политики, контейнерного оператора, схемы по подсылке контейнеров, фитингов, тестовые маршруты, считает заместитель председателя Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Юрий Лавриненко. Он подчеркнул, что в соседней России оформление документов при процедуре таможенного транзита идет в привязке к номеру контейнера, а не к номеру железнодорожного вагона. С учетом того, что Таможенный кодекс ЕАЭС признает контейнер как «транспортное средство» международной перевозки, обеспечивается существенное сокращение времени приема груза при перевозке на приграничных и портовых станциях. Генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов добавил, что нужна интеграция всех перевозочных документов в рамках ЕЭК по всем видам транспорта и перевод их в электронный формат.

Продолжение на 3 стр.

ЦИФРЫ И ФАКТЫ

СВЫШЕ 600 ПЕЗДОВ ЗА ОКТЯБРЬ

Свыше 600 контейнерных поездов отправлено на сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – в октябре 2020 года. Полгода количество отправок поездов на сервисах превышало показатель в 500 единиц поездных формирований ежемесячно. Рост обусловлен в первую очередь увеличением заявок на отправку грузов контейнерными поездами из Европы, объясняют в АО «ОТЛКЕРА». В частности, рост объемов перевозок в направлении Китая в октябре составил 40%, в том числе на 50% выросло число грузовых контейнеров из Европы в Китай. Стоит отметить, что с начала года объемы контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай по инфраструктуре АО «НК «ҚТЖ» выросли почти на 70% к аналогичному показателю прошлого года.

Роман ЛЮБИМОВ

ИНФРАСТРУКТУРА

СТРАТЕГИЧЕСКАЯ СТАНЦИЯ



В октябре текущего года между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ТОО «ETT Dostyk» подписано Соглашение о сотрудничестве по строительству терминала на станции Достык.

Это второй проект, реализуемый АО «НК «ҚТЖ» в рамках развития станции Достык и модернизации участка Достык – Мойынты. Он является ключевым звеном для развития транзитного потенциала Казахстана. Запуск терминала планируется в 2023 году. На начальном этапе будут созданы мощности по перевалке до 150 тысяч контейнеров в год. По мере роста грузопотока возможности терминала могут быть увеличены до 200 тысяч контейнеров в год. АО «НК «ҚТЖ» уделяет большое внимание развитию станции Достык для привлечения трансконтинентального транзитного грузового потока на направлении Европа – Азия через территорию Казахстана. По словам специалистов, дальнейшее развитие железнодорожной станции Достык позволит значительно увеличить грузооборот.

Алуа ТЛЕУБАЕВА
Фото автора

ПЕРЕВОЗКИ

ПИЛОТНЫЙ ПЕЗД

Пилотный длинносоставный контейнерный поезд с товарами народного потребления отправлен из Китая в Европу при участии АО «НК «Қазақстан темір жолы». Отправка в транзитном сообщении объединенного длинносоставного контейнерного поезда, состоящего из 123 контейнеров по колее 1520, организована компанией АО «ОТЛК ЕРА», акционерами которой являются АО «НК «ҚТЖ», ОАО «РЖД» и ГО «Белорусская железная дорога».

Особенность этого пилотного состава в том, что впервые его объединение было осуществлено на Приволжской железной дороге – в филиале ОАО «РЖД». Поезд проследовал с маршрутной скоростью более 1 000 километров в сутки. Время в пути по белорусской территории до прибытия в Брест составило 16 часов. Стоит отметить, что пропуск объединенных длинносоставных контейнерных поездов (с длиной более 100 условных единиц) позволяет сократить эксплуатационные расходы, снизить нагрузку на инфраструктуру и повысить пропускную способность участков на грузонапряженных направлениях. С учетом динамичного роста объемов контейнерных перевозок АО «ОТЛК ЕРА» совместно с участниками рынка транспортных услуг проводится целенаправленная работа по развитию и созданию новых маршрутов перевозок. Так, в октябре 2020 года обеспечен пропуск контейнерных поездов через белорусско-польский погранпереход Брузги/Кузница Белостокая в сообщении Китай – Европа – Китай.

Кирилл МАКСИМОВ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қарасты мекемелер арасындағы салалық жарыс қорытындысы бойынша Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің ұжымы үшінші орын алды.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өртке қарсы мекемесі 2019 жылы жасаған жұмыстары бойынша бағаланып отыр. Карантинге байланысты марапаттау сәті кейінге қалдырылған еді.

«Ұжым еңбегінің бағаланғанына қуаныштымыз. Биылғы жылдың екі тоқсанында, 3 және 2 орынның сыйақысын алып үлгердік. Еңбек еленуі жұмысшыларды жігерлендіреді. Алға қарай ұмтылады. Өрттің алдын алу, профилактикалық жұмыстар, өрт оқиғасы орын алса, дер кезінде ауыздықтауға бар күш-жігерін салып еңбек етуде. Қатардағы жауынгер өрт сөндірушінің еңбегі бағаланғандан артық құрмет жоқ деп есептеймін. Ұжым биылғы жылдың қорытындысынан да межелі орыннан үмітті», – дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Мекемеде еңбек ететін жүзден аса теміржолшы 2000 шақырымға жуық аумақтың қауіпсіздігіне жауапты. Біліктілігімен нәтижелі жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырып отырған мекеме басшысы Әділ Құбаевтың 30 жылдан аса еңбек өтілі бар. Еңбек жолын қатардағы өрт сөндіруші болып бастаған маман – бүгінде үлгілі ұжымның басшысы.

Айтуынша, мекемедегі өрт сөндіру пойызы ескі болса да, жөндеу жұмыстарын уақытылы жасап, шаруашылықтан шашау шығармай отыр.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

БИЛЕТ ҚҰНЫ ҚАЙТАРЫЛУДА

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша пойызға билетті алдын ала сатып алған жолаушылар билеттерін қайтадан өткізіп, ақшасын толық көлемде қайтара алады.

Осыған дейін аймақтағы эпидемиологиялық ахуалға байланысты «Алматы 2 – Өскемен 1» және «Нұр-Сұлтан – Өскемен 1» бағытындағы рейстердің саны қысқарған болатын. Сонымен қатар, сапарға шығар алдында барлық жолаушыларға ең кемі үш күн бұрын ПТР-тест тапсыру қажет деген шарт қойылғаны белгілі. Ал, тест тапсырып үлгермегендер жолдан қалатыны анық. Сондықтан билеттің бағасы жолаушыға толық қайтарылып жатыр.

Дегенмен жолаушылар үшін қолайсыздықтар әлі де туындауда. Мәселен, аталмыш тыйымның алғашқы күнінде пойызға мінбек болған ПТР анықтамасы жоқ 167 адам жолдан қалыпты. Олар Нұр-Сұлтан, Алматы мен Қызылорда бағытында жол жұрмек болған. Әйтсе де, жолаушылардың билет құны 100 пайыз көлемінде қайтарылып беріліп жатыр. Қолында ПТР анықтамасы жоқ азаматтар вокзалға кіргізілмейді, вагонға отырғызылмайды. Санитарлық талап күшейтілген.

Қазіргі күні аймақтағы 10 зертхана, тағы 4 жаңа қан талдау пункті тәулік бойы жұмыс істеп тұрғанымен, сапарға шығушылар үшін кезек азаймай тұр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

АЛҒЫС АЙТТЫ



Жуырда, 24 қазан күні Шымкентте 13 вагон жолдан шығып кетіп апат орын алған. Оқиғадан зардап шеккендер мен адам өлімі болған жоқ. Салдарынан 5 жолаушы, 10 жүк пойызы тоқтап, қыруар материалдық шығын келді.

Оқиға орнына бірінші болып Шымкент станциясындағы №39 қалпына келтіру пойызы келіп жетті. Регламент бойынша вагон құтқарушылар 40 минутта жетуі тиіс. Құрамында 14 адам бар қалпына келтіру пойызының жұмысшылары түнгі сағат 2-де шығып, екінші жолмен оқиға болған жерге 2.20-да келіп жеткен. Шапшаң қимылдап, ЕДК-500/1 кранын орнатып, сағат 2:45-те тақ жолдағы шашылып жатқан вагондарды жинауға кірісіп кеткен қалпына келтіру пойызының құтқарушылары түні бойы тынымсыз жұмыс істеп, апатқа ұшыраған 7-8 вагонды көтеріп, қосымша жолдарға орналастырды.

Таң атқан соң ЕДК-500 кранымен 4-ші жолда жұмыс басталды. Түскі сағат 13.00-ге дейін 1-ші жолдағы пойыздардың қозғалысы қалпына келтірілді. Бұл кезде ЕДК-300 кранымен 2-ші жолда жұмыс әлі де жалғасып жатты. Сағат түскі 12-де ЕДК-500 кранымен апаттан бүлінген жартылай вагондарды жөндеуге артып жатты. Ол платформа қайтадан жолға қойылған соң 7-ші жолмен келіп, оған контейнерлерді орнатты.

– Вагондар аударылып қалған жердің қашықтығы бізден 800 метрдей алыс. Негізгі жұмыстарды 24 қазан күні істедік. Түнгі сағат 1.40-та бұйрықты қабылдадық. 2.20-да апат орнында болып, таң атқанша жұмыс істедік. Біздің ең бірінші мақсатымыз жолды ашу болды. Жолда қауіпсіздікке кедергі келтіріп жатқан вагондарды екі жаққа қранмен алып тастадық. Ал 25-26 қазанда қайтадан тастаған вагондарды жинап, басқа вагондарға артып, деполарға жөндеу үшін жібердік, қысқасы, бұл біздің жігіттерге де, техникамыз үшін де үлкен сын болған соң аянып қалмадық, – дейді ВП-39 аға шебері Даниер Махаметов.

Басшылық теміржолдың «жедел жәрдемінің» регламентке сай, сауатты қимылдап, кәсіби жұмыс үлгісін көрсете отырып, өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарғанын атап өтіп, бүкіл құрамға алғыс айтып.

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент
Суретті түсірген автор

ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

ЕРЕЖЕГЕ СӘЙКЕС ОРЫНДАЛДЫ

«Қыс келеді қырыннан, қамыңды жаса бұрыннан» демекші, қылышын сүйретіп келе жатқан қысқа дайындықты теміржолшылар ала жаздай жасайды. Қатал маусымда электр желілері сыр беріп, «әттеген-ай» болмас үшін ерте бастан қарқетіне кіріскен маңғыстаулық электрмен жабдықтаушы мекеме бүгінге дейін біраз шаруаның басын қайырды.

Арман АЙСҰЛТАН,
Маңғыстау

Мекемеде атқарылып жатқан осы және басқа да жұмыстар туралы мәлімет берген Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Сұлтанбек Қонаевтың айтуынша, дистанция ағымдағы жылдың тоғыз айлық жоспарына сәйкес алдын алу, жөндеу жұмыстарын жүз пайызға орындаған. Нәтижесінде осыған дейін 7159,95 шақырымдық А/Б және ПЭС желісі бақылаудан өткізілген. Сонымен қатар, қысқа дайындық пысықталып, 3,2 шақырым АС-35, АС-50 типті желісі, ШС-10 маркалы оқшаулағыштың 1125 данасы, 34 дана РЛНД-10, 350 метр КЛ-0,4 кВ тексеріліп, жарамсыздары ауыстырылған. Ең бастысы, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі бұзылмай, жыл басынан осы күнге дейін АЛСН, СІБ қауаулары тіркелмеген.

– Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясы – темір жол көлігіндегі жүк және жолаушылар тасымалын, тұтынушыларды электрмен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз етіп отырған негізгі кәсіпорындардың



бірі. Өзінің балансында электр құрылғылары мен электр желілері бар мұндай мекемелер оларды қалыпты жағдайда ұстау мақсатында белгілі жұмыстар жүргізуі тиіс. Осы орайда біздегі жағдайға келсек, электр қондырғыларының алдын алу тексеру-жөндеу жұмыстары ҚР «Электр қондырғыларын техникалық пайдалану» Ережелеріне сәйкес мерзімде, шығарушы зауыттардың нұсқаулықтарына сәйкес, ағымдағы

жағдайына байланысты дистанция электр құрылғыларына жауапты тұлғамен жасақталып, бір жылға бекітіледі. 10 кВ автоблоктау және бойлық электрмен жабдықтау жоғары кернеулі әуе желісіне алдын алу жөндеу жұмыстары көктемде және күзде, яғни жылына 2 рет жүргізіледі. Осы мақсатта қызмет көрсету аймағы Тассай станциясынан Болашақ-Түркіменстан шекарасына дейін, Бейнеуден Оазис,

СҰХБАТ

ҚАУІПСІЗДІК МӘРТЕБЕСІНЕ ҚЫЛАҢ ТҮСІРМЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай, қыстың басы бірі ерте, біреуі жай» деп келетін ұлы Абай өлең жолдарындағы қараша айы да келіп жетті. Демек, қылышын сүйреткен қыс та қыр астында деген сөз. Бірақ, теміржол көлігінің қызметі табиғаттың төрт мезгілінде тоқтаусыз жүреді. Ал осы пойыздардың қатал маусымда тоқтамай жүріп тұруына қамданыс елімізде сонау жазғытұрымда басталатынын көпшілік білмесе де, теміржолшы қауымы жақсы біледі.

Сұлугұл БАКЕСОВА

Биылғы жылдың тоғыз айын артқа тастаған сәтте, қандай шаруалар атқарылды деген сауалды «ҚТЖ» ұлттық компаниясының Магистральдық желі дирекциясының қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты басшысы Бахытбек Алдаржарова қойған едік.

– Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі бірінші кезекте теміржолдың техникалық жағдайына тікелей байланысты екенін ескерсек, бұл бағытта қандай шаруалар атқарылды, қауіпсіздікті сақтауға жасалған алғышарттар туралы не айтасыз?

– Ұлттық компанияның үлкен филиалдарының бірінен болып табылатын Магистральдық желі дирекциясы бірнеше шаруашылықтың жұмысына жауапты екенін білесіз. Жол шаруашылығы, электрмен жабдықтау, белгі беру-байланыс, өрт қызметі, қалпына келтіру пойызы, тағысын тағы шаруалар. Осы ретте, атап өтерлігі, Дирекция жаыл сайын пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық қажетті шараларды қабылдап, алдына айқын мақсат-міндеттер қойып келеді. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде биылғы жылдың 9 айында қозғалыс қауіпсіздігі жағдайының нашарлауына жол берілген жоқ, пайдалану қызметі бойынша барлық жоспарлы міндеттер өз үлесінен табылды. Мәселен, 569,6 км жол жаңғыртылды, оның ішінде 377,7 км жол күрделі жөндеуден өтсе, 15,6 км орташа жөндеуден өтіп, 155,2 км жол бойында рельс табаны жаппай ауыстырылды. Ал 22,8 км жолдың Р-50 рельсі жетілдірілген Р-65 типіне алмастырылып, жол күшейтілді. Сонымен қатар, 6189 шақырымды құрайтын көлемдегі жол мен 1260 бағыттауыш бұрма ауыр типті жол машиналарының көмегімен сауықтырылып, жаңа келбетке ие болды. Осылайша, жоспарлы-алдын алу жұмыстары толық көлемде 100% орындалды. Жалпы нақты сандарды сөйлетер болсақ, онда жыл басынан бері 110 мыңнан астам шпал мен 980 бағыттауыш өнім жиынтықтары алмастырылғанын, мал жолға шығып кетпеуі үшін 612 шақырымдық қоршау орнатылып және де 418 шақырымдық қоршау жөндегенін, сондай-ақ, 511 қысық жол телімдері тиісті нормаларға сәйкестендірілгенін айтар едік. Темір

жол қауіптілігі жоғары аймақ. Және пойыздың шұғыл тоқтатқанның өзінде ол ауыр салмақты болғандықтан ең кемі 600-800 метр жүріп барып тоқтайтынын ескерсек, мал-жанның тосыннан жолға шығуы қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін факторлар екенін елдің білгені абзал. Әрине, осы бағытта да біздің жол шаруашылығы, өзге де қызмет өкілдері көлік полициясы қызметкерлерімен бірлесіп көп жұмыстар жүргізіп келеді. Айталық, теміржолдар арқылы адамдардың жаппай санкцияланбаған өту орындарына Көлік полициясы қызметкерлерімен бірлескен 449 рейд ұйымдастырылып, нәтижесінде 510 ереже бұзушылық анықталды және оларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, теміржол төсеміне жақын елді мекендердің тұрғындарымен әңгімелескен 1887 жиын өтіп, олардың барысында теміржолдар арқылы өту, теміржолға жақын жерде мал жаю ережелерімен 63601 адам танысты.

– Біраз шаруаның басы қайырылғаны байқалады. Ал осы жөндеу жұмыстары барысында қолданылып жатқан материалдар туралы не айтасыз? Жалпы осы жол жағдайының жақсаруы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне қаншалықты ықпал етеді?

– Айта кетерлігі, комиссиялық тексеру кезінде кейбір жолдың техникалық параметрлерінің ауытқуына және басқалай кемшіліктеріне байланысты ескертулер жасалып, актілер толтырылады. Кейбір кем-кетіктерді тез арада шұғыл түзеу керек болса, ал кейбірін түзеуге ұзақ мерзім беріледі. Енді ол ақау дәрежесіне байланысты. Міне, осындай ұзақмерзімді қолданыстағы ескертулерді алып тастау мақсатында, яғни оқлықтың орнын толтыру мақсатында 21,2 км негізгі жолдың рельс тіреуіштері тұтастай алмастырылды. Бұдан басқа жоспардан тыс 65,6 км көлеміндегі негізгі және станциялық жолдарға өткен жылдар күрделі жөндеу жүргізілген телімдерден алынған ескі жарамды материалдарды қолдана отырып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Семей – Жаңасемей теліміндегі қашықтығы 643,9 метрлік ірі жасанды құрылыс санатындағы теміржол көпірі күрделі жөндеуден өтті. Жалпы күрделі жөндеу жұмыстары кезінде отандық өнімдер, Ақтөбе зауытынан шығатын



рельстер, өзімізде өндіретін шпалдар, негізіне темірбетондан қолданылады. Алайда, біз озық ресурстарына технологияларын да тиімді пайдаланып келеміз. Яғни, қайта қолдануға болатын жолдың жоғары құрылымы материалдарын қажетімізге жаратамыз. Айталық, жарамды ескі материалдарды пайдалана отырып, 524 дана автоматты балкының айқастырмалары, сондай-ақ, 3318 орнында ақаулы рельстер қалпына келтіріліп, 53 км рельс ілдері ажарланып, жолға төселді. Бұдан басқа пойыздардың жүрісі жұмсақ болуы үшін блок-телімге дейін ұзындықтағы 192 жұп иіні және жол аралығына дейінгі ұзындықтағы 259 жұп иіні дәнекерленді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жолдың сапасы мен беріктілігі жақсарып қана қоймай, пойыздар қозғалысының жылдамдығы да артты. Мәселен, 237 шақырымда жолаушылар пойыздарының, 90 км жолда «Талғо» вагондары бар пойыздардың, 221 километрде контейнерлік пойыздардың, 138 шақырымда жүк пойыздарының жүріс жылдамдығы көтерілгенін атап едік.

– Бахытбек Мұқашұлы, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мәселесіне байланысты сөз қозғалғанда осы бағытта енгізіліп жатқан сандық жүйелер туралы да мәлімет беріп өткеніңізді қалар едік...

– Қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Цифрлық трансформация» шеңберінде жобалар бұрынғыдан да белсенді енгізілуде. Неге десеңіз, бұл – уақыт талабы. Соның біріне «Қозғалысты басқару орталығы» жобасының шеңберінде өткен жылы Орал жол бөлімшесі жолдары мен Илецк темір жол торабы учаскелеріндегі 38 жекелеген пунктте теміржолшылардың өзіндік әзірленген микропроцессорлық диспетчерлік орталықтандырудың автоматтандырылған жүйесінің енгізілуі атап едік. Полигонға Ақтөбе қаласында орналасқан Пойыздар қозғалысын басқару орталығы және 5 жол бөлімшесінің (Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда) шекарасында орналасқан темір жол инфрақұрылымы учаскелері кіреді. Бұл тәжірибелік полигонды құрудағы мақсат – бөлімшелер шекарасындағы пойыздар қозғалысын басқарудан өңірлік басқаруларға өту кезінде полигон шекарасындағы ұйымдастыру жұмысының тиімділігін айқындау, барлық құрылымдардың (тасымал-

Боржақтыдан Ерсай станцияларына дейін 1086,15 шақырымды құрайтын әуе желісіне күзгі алдын алу тексеру-жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін дистанцияның желілік бөлімшелерінен 6 бригада жасақталды. Сол бригадалармен дистанция бойынша 10 кВ автоблоктау және бойлық электрмен жабдықтау жоғары кернеулі әуе желісіне күзгі алдын алу тексеру-жөндеу жұмыстары жүргізілді, – дейді Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Сұлтанбек Қонаев.

Дистанция бастығы атаған алдын алу тексеру-жөндеу жұмыстарын таратып айтсақ, 10 кВ автоблоктау және бойлық электрмен жабдықтау жоғары кернеулі әуе желісі құрылғыларына тексеріс жүргізіліп, оқшаулағыштар тазаланған. Олардың бүтіндігі, орнатылу беріктігі, КТП(О) трансформаторлары, олардағы май деңгейлері тексерілген. Электр құрылғыларындағы қауіпсіздік белгілері жаңартылып, тірек негіздері сырланды. Желілік ажыратып-қосқыштар қалыпқа келтіріліп, боялды. Сигналдық нүктелер тексеріліп, талапқа сәйкестендірілді. Қажет жағдайда оқшаулағыш траверстер ауыстырылып, тіректер түзетілді. Желі сымдары ауыстырылды және тағы да басқа ұсақ-түйек шаруалар. Мұндай жұмыстар жоғарыда айтылған бригадалардың көмегімен қажетті деңгейде жүзеге асырылып, қазір мекеме қысқа толық дайын отыр. Ал бригада құрамында дистанцияның Бейнеу, Өзен, Шетпе, Сай-Өтес, Бейнеу-Тассай, Маңғыстау телімдеріндегі электромеханик, электромонтер және жүргізушілер бар.

Суретті түсірген автор

– Әңгімізге рахмет!

СОВЕЩАНИЕ

СВЯЗАНЫ ОДНОЙ ЦЕЛЮЮ

Окончание. Начало на 1 стр.
На сегодняшний день перевозка грузов контейнерами в Казахстане дороже, чем в крытых вагонах. Предложено создать постоянно действующую рабочую группу по разработке тарифной политики АО «НК «КТЖ» для контейнерных перевозок, с участием представителей национальной компании, ее дочерних фирм и бизнеса.

– Необходимо разработка специальных тарифов для перевозок грузов в контейнерах, в частности, на стыковых станциях, – уверен заместитель генерального директора ТОО «Истоктранс» Виктор Иванов. – Важно решить вопрос по доступу к инфраструктуре, реализации контейнерной отправки в контейнерном поезде в направлении транзита и импорта.

Кроме того, предложено включить в программу контейнеризации субсидирование ставок кредитования на приобретение подвижного состава, фитинговых платформ и контейнеров.

Управляющий по коммерции АО «НК «Актауский морской порт» Мартин Воетман подчеркнул, что во всем мире наблюдается дефицит 40-футовых контейнеров. По его мнению, необходимо решить вопрос о возвращении 40-футовых контейнеров, грузных из Казахстана. Перенаправление экспортных грузовых потоков на казахстанские морские порты возможно путем пересмотра тарифа и введения штрафов, действующих в зарубежных странах, за то, что груз идет не через отечественный порт.

Отдельное внимание было уделено вопросу контейнерных перевозок автомобильным транспортом. Так, директор ТОО «Казавтотранс Запад» Анвар Автуов сообщил, что в Казахстане имеется дефицит полуприцепов для транспортировки автомобильным транспортом морских и железнодорожных контейнеров. Он считает, что необходима синхронизация железнодорожных



ных и автомобильных процессов. Исключение веса контейнера из полной массы перевозимого груза увеличит объем перевозок контейнерами на автотранспорте.

В свою очередь, председатель рабочей группы Эдиль Искаков добавил, что при перевозке контейнерных грузов автомобильным транспортом очень важно учесть первую и последнюю мили, развивать приоритетные и выгодные направления по внутренним и экспортным перевозкам.

Участники сошлись во мнении, что в проекте плана мероприятий по реализации программы контейнеризации необходимо предусмотреть разработку единого мультимедийного документа для перевозки груза всеми видами транспорта. Нужны цифровизация железнодорожной накладной ЦИМ/СМГС и признание ее в странах ЕАЭС, внедрение опыта использования коносамента FIATA в Казахстане и возможности его использования банками и страховыми компаниями. В настоящее время коносамент FIATA используется в основном в международных перевозках для

банковских услуг, и проблема в использовании – его объемность. В России сегодня тестируют электронную накладную, и Казахстану нужно перенять этот опыт, считают участники встречи.

